

Түркістан облысы, Арыс қаласы  
Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта мектебі

# Мәңгілік махаббат жыршысы



**Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық  
мерейтойына орай өткізілген әдеби сазды кеш**

*Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.Уткельбаева*

*2022-2023 оқу жылы*

Тақырыбы: «**Ерлік пен Махаббат жыршысы**»

**Мақсаты:** Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру;

Оқушыларды батырлыққа, отаншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу;

Шығармаларындағы кейіпкердің ұлағатты өмірін аша білуге және ерлік тұлғасын мүсіндей білуге бағыттау.

**Сабақтың түрі:** ақпараттық, сайыс сабақ

**Сабақтың әдісі:** ой қозғау, сұрақ-жауап, талдау, мәнерлеп оқу

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, Өзілхан Нұршайықовтың кітаптары, бейне материалдар.

**Барысы:**

**Әдеби монтаж Оқушылар жұп-жұппен өлеңді оқып сахнаға шығады. Соңғы шумағын хормен**

Есінде бар ма жас күнің,

Көкірегің толық, басың бос,

Қайғысыз, ойсыз, мас күнің —

Кімді көрсең, бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ

Көрінуші еді досқа ортақ.

Үміт жақын, көңіл ақ,

Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,

Махаббат, қызық мол жылдар?

Ақырын, ақырын шегініп,

Алыстап кетті-ау құрғырлар!

Жалынасың, боқтайсың,

Сағынасың, жоқтайсың.

Махаббат кетті, дос кетті —

Жете алмайсың, тоқтайсың.

Көзіме жас бер, жылайын,

Шыдам бер, сабыр қылайын.

Жаралы болған жүрекке

Дауа бер, жамап сынайын.

Хормен

Құдай-ау, қайда сол жылдар,

Махаббат, қызық мол жылдар?

Ақырын, ақырын шегініп,

Алыстап кетті-ау құрғырлар!

Ә.Нұршайықов:

1-жүргізуші: Ол — ел басына күн туған сәтте қолына қару алып, оқ пен оттың арасында елі үшін соғысты.

2-жүргізуші: Ол — жалынды жырларымен майдангерлердің рухын көтерген жауынгер — жазушы.

Ол — Шығармаларында еңбек пен ерлікті, махаббат пен достықты жырлады.

Ол- махаббат атты ұлы сезімге мәңгілік өлмес ескерткіш қойған алғашқы қазақ жазушысы.

Ол — есімі қазақ әдебиеті тарихында алтын әріппен жазылған дарынды жазушы Әзілхан Нұршайықов.

Биыл Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері атанған ұлы тұлғаға 100 жыл толады. Өзінің сүрелі ғұмырында артына өшпестей із қалдырған жазушының мерейтойына арналған «Мәңгілік махаббат жыршысы» тақырыбындағы әдеби кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Әзілхан тек махаббат емес, ерлікті де, адамгершілікті де жырлады, ұлт жанашыры ретінде еңбектері ұшан-теңіз. Дегенмен біз бүгін қаламгердің бір-қыры махаббат тақырыбын ғана қозғап, жазушының «Махаббат, қызық, мол жылдар» және «Мәңгілік махаббат жыры» атты екі шығармасының төңірегінде әңгіме қозғаймыз.

**1.«Махаббат,қызық, мол жылдар атты» шығармасы туралы таныстылым жасайтын Аманова Гүлнұр мен Қилыбай Ақсезімді ортаға шақырамыз.**

**Жүргізуші:** Ал енді осы шығарма туралы айтқан Әзілхан Нұршайықовтың өз дауысын тыңдайық.

**Бейнежазба «Махаббат,қызық, мол жылдар» шығармасы қалай дүниеге келді?**

**«Қызыл көрпе» әні.** Аталған шығарма желісімен көп сериалы фильм түсірілгенін білесіздер. Сол фильмнің Али Окаповтың орындауындағы «Қызыл көрпе» саундтрекін тамашалайық.

**2.Жазушының махаббат тақырыбына жазылған келесі өлмес шығармасы- «Мәңгілік махаббат жыры» кітабы.** Кітап туралы, кітаптың кейіпкері туралы сіздерге әңгімелейтін- **Тұрмахан Бақытгүл мен Қилыбай Азизаны ортаға шақырамыз.**

**Жүргізуші:**

**Міне, сіздер екі кітап туралы танысып білдіңіздер.**

**Ал енді көрерменге сұрақ:**

**1.Ербол мен Меңтай, Әзілхан мен Халима арасындағы махаббат сияқты шынайы махаббат бұл күнде кездесе ме? Кімдерді атар едіңіз?**

**2. Жазушының орнында болсаңыз Меңтай тағдырын қалай аяқтар едіңіз?**

**«Екі кітап сыры».** Бүгін сіздерге менің қолымда тұрған екі кітап туралы айтып бермекпін. Мынау-тоз-тозы шыққан ескі «Махаббат, қызық, мол жылдар» кітабы 1974 жылы басылып шыққан екен. Мен оны институтта оқып жүріп кітапханадан жаздырып алдым. Осы кітаптың менің қолыма түскеніне 30жыл болды. Айтпағым, кітап сол кезде өте ескіріп, қолдан қолға өтіп әбден оқылған екен. Енді мұны тапсырсам бәрібір списаниеге өткізіп жіберетін шығар деп қызғандым ба әйтеуір кітапты өткізбей орнына басқа кітап бердім. Алғашқы рет оқығанымда Меңтайдың сондай ақкөңіл, ақылды, сыпайы қыз ретінде қабылдап, соншалықты кейіпкерге ғашық болғаным сонша оның өліміне ренжіп, жылап-жылап аяқтадым. Жазушыға өкпеледім. Аман қалдырса қайтеді деп. Менің қасымдағы қыздар да солай кітапты жылап аяқтайтын. Келесі жылы қайта оқыдық. Бұл жолы өзгеше

сыни ойлай бастаппын. Жазушы Меңтайды тым періште етіп суреттеген. Өмірде ондай адамдар болмайды, дестік. Қалай болғанда да бұл кітап сол жылдардан бергі менің ерекше махаббатыма айналған шығарма еді. Бертін келе Меңтайдың өмірде болған адам екенін есітіп таң қалдым. Және қуандым. Шын мәнінде өлмеген екен ғой.

Тағы айтарым, осы кітаптың соңында екі бет тола оқыған адамдардың пікірі жазылған екен. Әр оқыған адам пікір жазып отырған, қазірше айтсақ комментарий. Осы пікірлерге қарап-ақ кітаптың көп адамға ерекше әсер еткенін байқаймыз. Бұл бір кітапқа жазылған пікір. Ал жазушының өзіне, редакцияға жазған хаттар қаншама.

«Махаббат, қызық мол жылдар» кітабы шыққанда оқырмандарынан **он мыңнан астам**, ал «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы жарық көргенде **бес мыңға** жуық оқырманынан хат алып, соның ішінде мыңнан астам оқырманына жауап жазыпты. Жалпы жазушылардың ішінде оқырмандарынан ең көп хат алған да Әз-атамыз екен.

Келесі кітаптың сыры- бұл кітапты автор өз қолымен қолтаңба жазып Бақытгүлдің әжесіне сыйлаған екен. Бұл кітапты да қайта-қайта сұрап, оқушыларымызбен қызығып оқыдық.

Осы екі кітап туралы қызықты мәліметтер қоса кетсем:

1. Кітап алғашқыда «Қызыл көрпе» деген әңгіме ретінде ауызша айтылып жүрген. Осы әңгімені есіткен Ғафу Қайырбеков «Тез арада мынаны қағазға түсірмесең өзім поэма жазамын» деген екен.

*Бұл әңгімені мен ауызша ең соңғы рет 1968 жылы 7 қарашада белгілі тіл маманы Әйтім Әбдірахмановтың үйіне жиналған көп адамның алдында айттым. Сонда ақын Ғафу Қайырбеков орнынан тұрып, құттықтап қолымды алды да:*

— *Осы айтқаныңыз қағазға түскен бе? — деп сұрады.*

— *Жоқ.*

— *Қағазға түсіресіз бе?*

— *Түсіремін.*

— *Ендеше, тез қағазға түсіріңіз, әйтпесе мен мұны поэма етіп жазып қоямын...*

Одан кейінгі осы әңгімені сұраған Мұқан Иманжанов. *Ал қисаң «Қызыл көрпенді» маған бер, мен әңгіме жазайын. Қимасаң оны да өзің жаз деді. Әрине жақсы көретін жазушың қолқаласа, оның үстінде жазылмаған әңгімең болса, оны кім қимайды. Алыңыз дедім. Жазғандарымды Алматыға, тура Иманжановтың өзіне жіберуге және уәде еттім.*

*Мұқан менен алған сол сюжетті «Есеновтың тағдыры» деген әңгіме етіп, «Тыңдағылар» атты кітабына кіргізді.*

Міне, сол 1954 жылдың қарлы күзінде, түнде, ауатком председателінің кабинетінде қонып жатып Мұқанға айтқан кішкентай әңгіме келе-келе кеудемді кернеп, оны өзім жазбасыма болмайтын күйге жеттім. Мұқан жазған ол әңгіме ақыры осындай үлкен романға айналды.

Романда Меңтай неге қайтыс болды?

*Шынымды айтсам, мен Меңтайды «өлтіремін» деп ойлаған жоқ едім. Алғашқы жоспарымда Меңтай Ерболмен қосылмайтын, Тұмажан опасыз боп шыққаннан кейін басқа біреумен тұрмыс құрып кететін. Содан жиырма жыл өткеннен кейін Жозарғы Советтің сессиясы кезінде депутат Меңтай мен журналист Ербол екеуі астанада кездесетін. Бірақ «Татьяна менің еркімнен тыс ерге шығып кетті» деп Пушкин айтқандай, Меңтай да менің еркімсіз Ерболға шықты, онымен аз уақыт қана тәтті дәурен сүріп, дүниеден қайтты. Оған себеп бір әйелдің тағдыры болды.*

*Бұл роман жазылмас бұрын, газетте қызмет істейтін журналист кезімде бір жас әйелдің редакцияға жазған хатын тексере бардым. Аупартком кабинеттерінің бірінде арыз иесімен әңгімелестім. Қазірдің өзінде уыздай оңді келіншектің қыз кезінде керемет сұлу болғаны аңғарылады. Келіншек көзінің жасын сығып тастап, сұрақтарыма жауап берді. Ол өзі облыстық қалалардың бірінде жоғары оқу орнын бітіріпті. Көрікті қызға көз салғыштар көп болмай ма?*

*Бұған да солай болыпты. Соған мастанып, бұл ешкімге қарамай қояды. «Бұйырмаған қызға бұғалық түспейді» дегендей, ешкімді көзіне ілмей, ойнақтап жүре береді. Әсіресе жұпыны жігіт қызға көп жалынады. Киімнің нашар, бойың тапал деп қыз ол жігітті де маңына жолатпай қояды. Сөйтін жүргенде қыз институтты бітіруге айналады. Бір күні кештен бірге қайтқан екі жігіт қызды шығарып салмақ болып келе жатып, алдап бір үйге кіргізеді де, екіншісі есікті сырттан кілттеп, кетіп қалады. Сөйтіп сақтығынан айырылған қыз пәктігінен айырылады*

Пәктіктен айырылғаннан кейін ақтығың адыра қалады екен, ағай, — деді келіншек тағы да өксіп жылап алып. — Күйеуім мас болған сайын мені балағаттап: «Сен маған келгенде қыз емес болатынсың» деп кінәлайтын, тіпті, қол жұмсап, ұратын болды. Осылай да осылай, зорлыққа душар болдым деп талай рет жалынып, жылап, шынымды айттым. Бірақ оған күйеуім сенбеді. Сенің бұрын ғашықтарың болған, пәктігіңді солардың біріне сыйлағансың деп, ол өз сөзін айтатын болды. Кей күндері үйге қонбайтынды шығарды.

Жас күнде, қыз кезімізде, көбіміздің көзімізді шел қаптап жүреді екен, ағай. Бір жігіттің бойы аласа, екіншісінің өңі сиықсыз — бұлар «Ландыш», бізге «Венера» керек деп, өзімізге адал серік болар жақсы жігіттерді аяғымыздың астында жатса да аңдамайды екенбіз. Бұрын институтта жүргенде группадағы жігіттердің бәрі мені сыйлайтын еді. Олар менің атымды Гүлім демей, ылғи Ақгүлім деп атаушы еді. Енді міне ақ гүл емес, кара гүл болдым. Жер үстінде құр сұлдерім жүргені болмаса, кейде өзімді тірі өлік, тірі аруаққа санаймын. Қызмет, бала, жора-жолдас — бәрі алданыш қой. Бірақ әйелдің шын бақыты осылардың үстінде өмірлік жан-жарының жақсы болуында екен.

Менңайды Ерболға қосу туралы ой осыдан туды. Ал халқымыз ежелден ұлын адал, қызын пәк етіп өсірген. Өйткені пәктік жас жұбайлардың бір-біріне болашақ қадір-құрметінің, достық-сыйластығының, риясыз берілгендігінің басы деп білген. Ендеше біз өз ұрпағымызды ата-бабамыздың бүгінгі коммунистік моральға жақын келетін осы дәстүрі негізінде неге тәрбиелемейміз? Осы мақсат үшін қимасам да, қиналсам да, оқушы жан-тәнімен жақсы көрген ақылды ару Менңайды құрбан еттім. Бұл «қаталдығым» үшін оқырман қауымнан кешірім өтінемін.

### **Романдағы кейіпкерлер**

**Менңай** бейнесінің соңғы жақтары қайдан, қалай алынғанын оқушы жоғарыда аңғарған болар (Яғни Менңай бейнесі Халимадан алынған). Ал ол бейненің алғашқы бөлігінің - бала, пәк Менңайдың прототипі сол кезде бізбен бірге оқыған бір қыздың өмірінен алынған. Оның ағасының өлгені, соғыстан келген бір жігіттің мен ағамен жолдас болдым, ағаң өлерінде сені маған тапсырып кеткен деп ол қыздың уәдесін алғаны, «сен уәдеңді бұзба, бұзсаң өлтіремін» деп мейрам сайын Алматыға келіп, қызбен кездесіп жүргені рас. Артынан оның елдегі сиыры, үйі бар жесір келіншекке үйленгені, сберкассада қызмет етіп, облигацияға подлог жасағаны үшін сотталып кеткені де шындық.

**Ерболдың** прототипін күнде көремін, екеуміз бір мекемеде қызмет істейміз. Әсіресе танертен асығып, жұмысқа келген бетте шаш сипау үшін айна алдында жүздесіп, жымындасып та қаламыз. Оның төрт баласы, әйелі бар.

Заман мен Тана туралы. Заманның прототипі екеу. Біреуі 1941 жылы немістер тұтқиылдан шабуыл жасағанда Бреет түбінде тұтқынға түсіп, 1945 жылы майда әскери тұтқындармен бірге біздің қолға өтіп, кейіннен сотталған жігіт. Ол Орал қаласында шахтада жұмыс істеген. Жігіттің сүйген қызы оны артынан іздеп барып, қосылып, екеуі балалы-шағалы боп бірнеше жылдан соң елге келген. Ал Ербол мен Тананың соғыс кезінде кездесіп, екеуінің үш күн бірге болғанын суреттейтін достық, адалдық, адамгершілік жыры өмірде шын болған, нақты оқиғаға негізделген еді.

Зайкүлдің прототипі бар десе де, жоқ десе де болады. Бар деуге болатыны, соғыс кезінде сезімі ерте оянып, еркек көрсе қылмындай бастайтын кейбір қыздардың болғаны рас. Сондайлардың біреуі ЖенПИ-ден қуылып, университеттің біз оқып жүрген группасына да келген болатын. Менің өз түсінігімше, бойында ұшып-қонба жеңілтектік мінездері болғанымен, жалпы Зайкүл ақкөңіл қыз. Жақсы жар кездесіп, қарапайым өмір сүрсе, ондайлардың кейін салиқалы әйелдер қатарына қосылып кетері сөзсіз

жаныма жігер, бойыма қуат беріп, аяғымнан тік тұрғызып, қолтықтап, сан рет үйге алып қайтты. Аса ауыр жүрек ауруына шалдыққан мені отыз жыл күтіп, осы күнге аман-есен жеткізді.

Ауруханада жатқан кездерде күні-түні кірпік қақпай мониторға қадалып, жүрегімнің соғуын санап, оның минут сайын сүрінгенін қағазға тізумен болды. Жүрек жүрісі нашарлай бастаса, жанұшырып дәрігерге қарай жүгірді

Мына менің саусағымдағы алтын сақинаны көріп тұрсыздар ма? Енді осы сақина туралы бір ауыз сөз айта кетейін.

Мен өмірімде саусағымға сақина салмаған кісімін.

Енді, міне, Халима қайтыс болғаннан тура 30 күннен кейін саусағымға алтын сақина салып, «сәнденетін» болдым. Мұнда не мән бар?

Ақша салған дорбаны ашып қарасам, оның түбінде бір алтын сақина жатыр. Бетінде: «Халима. 1977 жыл» деген жазу бар. Бұл Халиманың 1997 жылы операцияға жатар алдында жасатып, қыздарына, келіндеріне, немерелеріне таратып берген жүзіктерінің біреуі. «Бұл кімге арналған екен? Балаларының бәріне таратып беріп еді ғой», – деп тандандым.

Осылай деп ойлап, саусағымға салып қарасам – маған дәп-дәл екен. Саған да сақина жасаттым деп Халима айтпаған еді. Жалпы, Халима біреуге жақсылық жасаса, оны жария етпейтін. «Мен өйттім, бүйттім» деп ешкімге айтпайтын. Сол әдеті бойынша маған жасатқан сақинасын мен өлгеннен кейін өзі тауып алып, саусағым салсын деп ойлаған болуы керек.

Көзіме жас келді. «Бұл сақинаны өмір бойы саусағымнан шығармаспын!» деп өзіме ант бердім. Түсте балаларыма Естай ақынның Хорлан сұлудан алып қалған алтын сақинаны өмір бойы саусағымнан түсірмей жүріп, өлгенде өзімен бірге ала кеткенін, сол сақинаның иесіне арнап, «Хорлан» деген атақты ән шығарғанын айттым.

– Сол сияқты сендер де мен өлгенде бұл сақинаны саусағымнан суырмандар, – дедім.

Балаларым мұңайып отырып, бас изесті.

– Папа, айтқаныңызды орындаймыз. Ал сіз «Хорлан» деген ән шығарған Естай атамыз сияқты «Халима» деген кітап жазасыз ба? – деп сұрады олар.

– Амандық болса, жазамын, қалқаларым, – дедім балаларыма.

Мен Халиманы кей түнде түсімде төрт рет көремін. Күндіз үйдегі суреттеріне қарап, көз алдыма елестететінмін. Ал мына Халима қалдырып кеткен алтын сақина арқылы түнде оны қасымда жатқандай сезінемін. Күндіз көшеде қолтықтасып қатар келе жатқандай күйде боламын.

Естай ақынның Хорлан қыздың сақинасын саусағымнан неге түсірмей өткенін енді түсіндім. Ол қолы жетпей қалған асыл арманның өкініші ретінде сақтаған екен. Ал мен қолым жеткен ғашықтық жеңісінің жалтылдаған жалауы ретінде сақтайын!

Мәңгілік махаббаттың өшпес сәулесі деп сақтаймын!

Мінеки, бұл кішкентай сақинаның кішкентай тарихы осындай. Жас кезімде қолыма жүзік салмай, сексенге тақағанда саусағымға алтын сақина салып, «сәнденуімнің» себебі сол!

Қош, қалқам, қош!

Халима ауруханада жатып, менімен қоштасқан түнде былай деп еді:

– Жұрт саған: «жылама!» дер. Жұрт саған: «берік бол!» дер. «Жылама!» деп айту оңай, жыламау қиын. «Берік бол!» деп айту оңай, берік болу қиын. Дәрігерлер: «Қыстыққанда жылап алған жөн» дейді. Мені сағынғанда оңашада отырып жылап ал. Бір-ақ көз жасыңды балаларға көрсетпе!

Ол осылай деген еді.

Балалар үнемі қасымда болады. Тамағымға кесек кептеліп, көзіме жас жиналғанымен олардың көзінше жарытып жылай алмай жүруші едім.

